ISSN 1728-8940

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы
Серия «Социологические и политические науки»
Series of «Sociological and Political sciences»
№1(61)

МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ
ANNIVERSARY

Мерейтой – 80 жас

ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ НАР ТҰЛҒА

Қойнауына талай құпияны бүгіп жатқан қарт Торғай топырағында талай сырлар жатыр ғой. Осы аймақтың тумасы, ақын ағамыз Ғафу Қайырбеков: «... Торғайдың өзінен-өзі аңызы асып кеткен елге, даңқы озып кеткен дала» деп бекер айтпаған. Шындығында, Торғайдан шыққан тарихи тұлғаларды тізе бастасаң, санынан жаңыласың. Сонда да сол тарихи тұлғалардың біразын тізіп атап өтейік. Олар – қазақ ұлысын бір тудың астына жинаған Абылай ханның ақылманы, серігі, жоңғарларға қарсы соғыста қол бастаған батыры, қазақтан шыққан тұңғыш тарлан Қошқарұлы Шақшақ Жәнібек, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин, өткен ғасырдағы қазақ халқының ар-ожданы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, Алаш ардагері Міржақып Дулатұлы, халық батыры Амангелді Имановтай нарқасқалар шыққан. Олар қазақ елінің рухын тәуелсіз ел дәрежесіне жеткізу жолында өз өмірлерін сарп етсе, тәуелсіз елдің өркениетін әлемдік дәрежеге жеткізу жолында көшбасшыға айналған ұлт зиялыларының бірі әрі бірегейі академик Кенжағали Әбенұлы Сағадиев.

Ол таным таразысы ұлттық болмыспен тұтаса қалыптасып, өзі жүріп келе жатқан адамы шеңберінің ауқымына ұлттық мүддені темірқазық етіп ұстаған адам, азамат.

Академик К.Ә. Сағадиев – қазақтың намысы қанында қайнап жатқан нағыз өршіл, ұлтқа қызмет көрсетудің міндетін мойнына алған ұлы тұлға.

Ұлттық санаға жеткен ұлылардың ұлағатын өміріне темірқазық еткен Кенжеғали Әбенұлы шапағаты талайларды «тұлға» деген мәртебеге жеткізіп, жетекші лауазым иелеріне атандырды. Бұған әр аймақтан, әр ауылдан, әр қаладан шыққан үзеңгілес замандастары мен шәкірттерінің жазғандары дәлел.

Ел игілігі үшін маңдай терін төгіп, көз майын тауысып, жиған-терген ілім-білімін білігіне ұштастыра еңбектеніп жүрген ұлы тұлға туралы лебізімізді білдірсек, ол келешек ұрпаққа ғибрат болары анық.

Біздің сезімге арқау болып отырған экономист-ғалым К.Ә. Сағадиев еш уақытта ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән ерекше ұлттық рухы биік, болмыс-бітімі мен тұлғасы ірі, қызығы мен қиындығы мол ғылым жолында талмастан өзіндік сара жолмен келе жатқан біртуар азамат. Оның өн бойында қазақтың қаны тасыған, қазақтың намысынан жаралған, сол даланың топырағы мен суынан нәр алған, ұлы тарих бетінде есімдері алтын әріптермен жазылған қазақтың асыл текті ұл-қыздарының мақтанышпен айтылар заңды жалғасы.

Қостанай облысы, Арқалық өңіріне қарасты Торғай елді мекені–еліміздің орталық аймағындағы Сарыарқаның бел ортасында орналасқан бетпақдалалардың бірі. Торғай даласы – қазақ елінің кіндігі саналатын Ұлытаумен шектеседі. Яғни, созылған сар даланың бір шеті – күншығыс жағында Жезқазғанның кең жазираларымен түйіссе, солтүстігі Ақмола, Қарағанды аумағына барып құлайды. Батысында Ақтөбенің Хромтауы қос өңірге ортақ мекен болса, оңтүстігі Қызылорданың бұйра құмымен шектесе, иін тіресіп жатыр. Міне, осы ежелгі Торғайдың тарихи атауы, сол елден түлеп ұшқан хас ұлдарымен асқақтап, барша бұқараға аян болса, ал, сол Торғайдан шыққан тарихи тұлғалардың ерекше қасиетпен көне Торғай топырағы киесінің құдіретілігінен болса керек.

К.Ә. Сағадиев Қостанай облысы Жангелдин ауданының бұрынғы 1-ші ауылында дүниеге келген. Балалық шағы тауқыметі көп соғыс жылдарына тура келгендіктен, өз қатарлары секілді ерте есейіп, оқу-білімге талпыныс жасады, оны кейін өмірінің өзегі мен мәніне айналдырды.

Кенжеғали Әбенұлы алты балалы (үш ұл, үш қыз) отбасында өсті. Оның ата-анасы өмірдің өзі үйреткен, таңның атысы, күннің батысы бала-шаға қамын ойлаған колхозшылар болған. Әкесі Сағади Тыныштықбаев ферма меңгерушісі қызметін атқарды, ауылға сыйлы, құрметті азамат болған. 1950 жылы дүние салды.

Кенжеғали Әбенұлының өмір жолын зерделесек, оның жас кезінен-ақ алғырлығы, алымдылығы байқалады. Жас бала тез есейді, сұрапыл соғыс кезеңі, одан кейін елді қалпына келтіру оның балалық-жастық шағына тап келді. Бірақ ол қиындыққа мойымады, мектепті алтын медальмен бітірді. Қолына қобдиын алып, Алматыға Казақ мелекеттік университетінің экономика факультетіне түсті. Ол қырқып түсер алмастай 28 жасында экономика ғылымдарының кандидаты, орда бұзар отыздан асқанда ғылым докторы, қылшылдаған қырық жасында профессор атағын иеленсе, ер жасы елуге толғанда Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Бұл сол жылдары Одақ көлемінде экономист-ғалымдардың арасында сирек кездесетін өзгеше оқиға болып есептелді.

Кенжеғали Әбенұлы жастайынан ғылым жолын қуған, оның барлық «тар жол, тайғақ кешуінен» өте жүріп, өз сокпағын тапқан, көп зерттеумен шұғылданған, қоғамға қажетті ғылыми еңбектер жазған, бүкіл өмірін ғылымға арнаған нағыз классикалық үлгідегі ғалым. Академик ағамыз ғылымның жетістіктерін әлемге танытқан ғалым ағаларының табиғи жалғасы, ғылымның қоғам құбылыстары мен үйлесімділігінің табысты үлгісі, жаңа ізденісінің бағдаршысы.

К.Ә. Сағадиевтың өмір жолы қазақтың тәуелсіз ел болып, іргелі мемлекет дәрежесіне жеткізбек жолында құрбан болған қазақ зиялылары жаппай қырғын, сүргінге ұшырап, алды атылып, соңы лагерьлерде азап шегіп жүрген сұрапыл жылдардан бастау алады. Өте қиын заманда туғандықтан ба, сол жылдары дүниеге келген қазақ балалары бойларына ұлттық намыс толтырып, өмірге деген ерекше талпынысын, енбекқорлығын көрсете алды. Біздің көпшілігімізге 30-жылдары туған азаматтардың дені сол жылдары жазықсыз құрбан болған алдыңғы толқын қазақ зиялыларының орнына келген төлсу ұрпақтай көрінуі тегіннен тегін емес шығар. Кенжеғали Әбенұлы – сол ұрпақтың бел баласы.

Сол қиын-қыстау заманда дүниеге келіп, империяның қатаң жойқындылығына қарамастан, болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне, рухының күшеюіне орасан көп еңбек сіңірген жоғарыда аталған ардақты жұлдыздар шоғыры бастаған алғашқы толқын рухани ағартушылық қызметті тек тілек дәрежесінде ғана емес, өздері ұйымдастырушы, атқарушы болып, мемлекеттік, қоғамдық саясат дәрежесіне дейін көтерді. Халықтың санасын оятты. Өркениет игіліктерін халық, ұлт мұқтажына пайдалануға жол тартып, тәуелсіздіктің ұжданын көтерді. Бірақ, осындай озық ойлылығы үшін өздері аяусыз қуғын-сүргінге ұшырады. Құрбан болды. Жойылды.

Олардың еңбектері, рухани өркендеу, білім, сана, тағылым, мәдениет, ғылым жолында өрнектеп жинаған асыл мұралары тәркі-леніп, қоғамнан аластатылды. Көпшілігі із-түссіз жоғалтылды.

Кенжеғали Әбенұлы қысаң заманда туып, жанкештілік арпалыста есейіп, қоғамға үлкен жауапкершілікпен араласқан сергек ұрпақтың көрнекті өкілі.

Кенжеғали Әбенұлы жастайынан қоғамдағы осы дерттерге жаны қас тұлға болып қалыптасты. Ол өзінің ағартушылық, рухани-интеллектуалдық қызметінде қазақтың жаңа, жас ұрпа-ғының ұлттық

сапасына айрықша ден қойып келе жатқан ұлттың намысын сақтап, ұлттық бірлікке ұйытқы бола алатын парасатты тұлға.

Кенжеғали Әбенұлы бала кезінен қағылез, алғырлығымен, зеректігімен көзге түсетін. Оқушы, студент, аспирант кезден білімге құштарлығын, жаналыққа құмарлығын, оқығыштығын, ізденгіштігін, өмірде болып жатқан құбылыстарға сезімталдығын, қызығушылық қасиеттерін өмірлік ұстаным етті. Жылдар өткен сайын, Кенжеғали Әбенұлының беделі, мәртебесі, лауазымы өскен сайын әлгі қасиеттері күшеймесе, әлсіреген, селдіреген жоқ. Бойына білім жинақтап, ішкі мәдениетін дамытты. Осылайша нағыз интеллект иесіне тән мінез қалыптастырды. Басқаша болса – бүгінгідей әділді де шынайы құрмет бола қоймасы белгілі.

Кенжеғали Әбенұлы университетті үздік бітірген жылы кафедраға ассистент болып қалуға ұсыныс алған сол жылғы жалғыз бітіруші болды. Қысқа мерзімде ұстаздарының сенімін ақтап, Мәскеу институтының аспирантурасын үздік әрі мерзімінен бұрын бітірісімен үлкен ұстаздық еңбек жолын кемелімен жалғастырған, әлі сол жолдан талмай келеді. Өйткені ол табиғатынан ұстаздыққа, бастамашылдыққа, өздігінен ізденіп жол тапқыштыққа бейім болып жаралған.

Кенжеғали Сағадиевтың ғылыми бастамашылдығымен сол кездегі Кеңес Одағында құрылған алты биотехнологиялық орталықтың біреуі тікелей Целиноград ауыл шаруашылығы институтында жұмыс істей бастады. Бұл сол кезде де, қазірде де ғылымның үлкен жаңалығы болғандығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Академик ағамыз сол жылдары Целиноград қаласындағы ауыл шаруашылығы жоғары оқу орнының тұрмыстық, оқу-зерттеушілік мұқтаж-мүмкіндіктерін мейлінше кеңейтіп, онда білім алған мамандардың санасын жоғарылатып, сұранысқа сай етіп, ғылыми жетістіктерін жүлделі етіп, беделін көтеріп, атын тек Қазақстан көлемінде ғана емес, Кеңес Одағындағы аграрлық жүйедегі жетекші оқу орындарының біріне айналдырды. Міне, осындай әйгілі, беделді дәрежеге жеткізе алған оның ректоры Кенжеғали Сағадиев болды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде, әсіресе, ауыл шаруашылығы орасан дағдарысқа ұшыраған сәтте де осы оқу орнының түлектері елдің әр аймағында жүріп, күйзеліске төзімділік көрсете алды. Өзінің қажырлы ісі мен жемісті еңбегінің, биік парасаты мен эрудициясының, нәтижелі қоғамдық жұмысының арқасында тек Ақмола өңірінің ғана емес, бүкіл елінің көрнекті азаматына, парасатты тұлғасына айналды.

Кенжеғали Сагадиев елдегі экономика саласындағы ғалымдардың ішінде шоқтығы биік тұр, жанжақты білімді, ұлы ғалым. Оның өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының екінші жартысында-ақ жасаған көптеген ғылыми зерттеулері ғалымның экономикалық ой-дамуының ағымдарын байқағыштық қабілетін айқындап, өндіріс пен тұтынушы жүйесіндегі өзара қатынасты реттеудегі басқару мен шаруашылық механизмін пайдалану мәселелерінің өзекті рөлі туралы оның алғашқы болжамдарын растап берді.

Академик ағамыздың ғылыми енбектері экономиканың әртүрлі салаларын камтиды. Мысалы, агроөнеркәсіпті жүргізу механизмін жетілдіру және аграрлық секторды жаңа экономикалық әдіске көшірудің түйінді мәселелеріне, Қазақстан агроөнеркәсібін басқаруға, онын интеграциясын дамытуға арналған, тағы да басқа да көптеген еңбектері бар.

Ғалым ретінде К.Ә. Сағадиевтің ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан саласы – материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігіне арналған ғылыми ұсыныстары, теориялық тұжырымдамасы кезінде Одақ үкіметінің толық қолдауына ие болып, экономикалық құбылыстардын қарым-қатынасына, өндіріс үдерісіне енгізілген. Ол осы дәстүрін жаңа заманның жаңа экономикалық қарым-қатынас дәуірінде де ғылыми білімділікпен жалғастыра алды.

К.Сағадиев матриалдық-техникалық жабдықтау мәселелерін зерттеу бағытының Одақтық көшбасшысына айналды. Осы мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар тәрбиелеудің, аспирантура мен кафедра ашудың бас-қасында болды. Өзінің ғылыми мектебін ашты.

Кенжеғали Әбенұлы өзі көп жыл зерттеген саланың өндіріс және тұтыну жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіндегі рөліне көз жеткізіп, қазіргі кезде елімізде әлеуметтік бағытта дамып келе жатқан нарықтық экономикаға жеткізетін көпір екенін анық сезді.

Осыған байланысты К.Ә. Сағадиевтің зерттеулері жалпы экономикалық сипат алып, оның негізгі бағыттарындағы ізденістермен толықты. Ол агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық механизмдерін жетілдіру, ұлттық валюта енгізу және оны тұрақтандыру, шетелдік инвестицияларды тарту мәселелеріне арналған ұсыныстар жасады.

Академик Сағадиев, әсіресе, тәуелсіз мемлекетімізде жаңа экономикалық реформалардың ғылыми сарапталуына, жаңа стратегиялық экономикалық жобалар мен болжамдар жасауға, жаңа ғылымдық,

ізденгіштік, шығармашылық шабытпен кіріскенін айрықша айтсақ әділдік бар. Ол жаңа экономикалық жүйе туралы өзінің ұсыныстары мен пікірлерін мерзімді баспасөзде жариялап, әртүрлі ғылыми конференцияларда, білім салаларының жиналыстарында сөз алып, қоғаммен белсенді түрде ой бөлісіп келеді. Өз ұсыныстарын Президентке де, Үкіметке де іркілмей айтып, жаңа құбылыстардың ғылыми-теориялық ерекшеліктеріне назар аударуды – өз парызы санайтын көрнекті ғалымның бірі – академик К.Ә. Сағадиев.

Кенжеғали Әбенұлының «Қазақстандағы экономика реформасы: тұжырымдамалық дәлелдеудің кейбір жолдары» деген талдау еңбегінде ол Қазақстандағы экономикалық реформаны жүргізудің концептуалдық негіздеу жолдарын көрсетеді. Ғалымның меңзеуінше, Қазақстанның қазіргі экономикасын түбегейлі өзгертіп, оның өркендеу стратегиясын жаңартуда жаңа саясат, жаңа көзқарас, экономикалық ойлау жүйесін бүгінгі күн талабына негізделген басқару процесін қалыптастыру керек. Сондықтан да біліп білген ғылыми тұжырымдар, сонымен қатар идеологиялық қоспалардан таза, жаңа экономикалық теория жасау керектігін ол өзінің бірнеше мақалаларында атап көрсетті.

Сонымен бірге ғалым қазақ мемлекетінің болашағына көз жіберіп, оның ертеңгі күні тек экономикадағы түбегейлі өзгерістерде жатқанын айтады. Бұл дегеніміз экономикадағы іргелі ғылымдар деңгейін кеңеру Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастығына өтуіне, жаңа дамыған мемлекеттердің дәрежесіне жетуіне әрі ең Отанымызда әлем, табиғат, болашақ туралы прогрессивтік көзқарастарды қалыптастыру үшін қажет екен.

Ғалым ел дамуында байқалып отырған индустриалдық мешеулікті зердесінен өткізіп, жерімізге тиімділігі төмен табиғат – жаны бұзылатын тиімсіз технологияларды тарту саясатының айрықша қауіпті екенін ескертті. Ол өзінің «Қазақстанның ғылыми-техникалық тәуелсіздігі», «Үміт ұшқыны сөнбесе игі» деген мақалаларында бұл туралы ауқымды әңгіме көтерді. Ұшан-теңіз байлығымызды өзге емес, өзіміз дұрыс пайдалану үшін ғылыми-техникалық жүйе құру қазіргі уақытта ең бір қажетті мәселе екенін дәйектеді. Оның бұл тәрізді еңбектері Қазақстан экономикасындағы ғылыми тұжырымдарды байытты.

Бұрынғы экономикалық жүйе құлап, еліміз жаңа нарықтық экономикалық қатынасқа көшіп, еркін экономика туралы неше түрлі ұшқары пікірлер айтылып жатқанда, академик К.Ә. Сағадиев еркін экономикалық мемлекеттік басқару қажеттілігі туралы да табанды пікір айтты. Академиктің сөзін өмір өзі растады. Тек мемлекеттің қатысуы арқылы экономикалық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігін бүгінгі уақиғалар дәлелдеп отыр. Әлемнің көптеген мемлекеттерінде өткізілген халықаралық конференциялар мен ғылыми форумдарда беделді баяндамалар жасап, Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа тиімділігіне де тынымсыз еңбек етіп, арсалысумен келеді. Ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ҚР Президентінің жанынан құрылған Консультативтік Кеңестің, Ұлттық Кеңестің белсенді мүшесі болып, мемлекеттік маңызы мол стратегиялық құжаттардың қабылдануына ықпал ете алды. Осындай зерделі ғылыми зерттеулерге, қоғамдық-саяси өмірге білімділікпен, ақылпарасаттылықпен ұрпақсыз оны жоғары қоғамдық, мемлекеттік дәрежеге көтерді.

Кейінірек Қазақстандағы экономикалық реформаларды жақсартуға арналған жұмыстарын кеңейте де, күшейте де түсті. Мысалы, ол алғашқылардың бірі болып, кластерлік дамудың тиімділігіне назар аударды, республикамыз үшін Дүниежүзілік сауда ұйымына кірудің жағымды-жағымсыз жақтары туралы баспасөзде сараптама жасады. Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің факторларын, оның ғылыми-техникалық, әлеуметтік, тіпті адамгершілік жақтарын зерттеуге отызға жақын жұмыстарын арнады.

К.Ә. Сағадиевтың экономикадағы голландтық сырқат, бәсекелестік кері әсер ететін себептер, республиканың салық саясаты, салық мөлшерін жеңілдету, қор нарығы, рейдерлікке қарсы тұру туралы зерттеулері мен ұсыныстары да өте құнды.

2006 жылы Кенжеғали Әбенұлының «Реформы: аналитический взгляд» атты 4 кітабы жарық көрді. Жинаққа ғалымның әр жылдары жарияланған мақалалары, сұхбаттары, мекемелерге жазған хаттары, түрлі ғылыми конференцияларда жасаған баяндамалары енген. Бірінші кітабы «Жаңару көшінде» деп аталып, үш бөлімге жүйеленген. Беташары ретінде XX ғасыр реформаторы Ахмет Байтұрсынұлының: «Дүниенің теріне қызыққандар төрде орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте жатыр. Есікте қалмай төрге тырысалық, басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік» деген айшығы берілілті. Адам баласы уақыт озған сайын заман иеленудегі көштен қалғысы келмейді. Іргендегі озық елдің екпініне төтеп берер экономикаң, білімің мен ғылымың сай болмаса, адыра қалатынымызды сұңғыла ойлы ғалым дөп басып, ашық түстеген.

Дәл осы ойды бүгінгі жаһандану кезеңіндегі өркениетті елдердің көшінен қалмас үшін қалай, қандай қадамдар жасау қажеттілігі жөнінде XXI ғасырдың тоғысында Торғайдың түлегі академик К.Ә. Сағадиев өзінің өмір тәжірибесінен жинақтаған салиқалы ой-тұжырымдарын ортаға салады.

Арада ғасырға жуық мезгіл өтсе де, адамзат баласының ғылымның ғаламдану көшінде өзінің ұлттық болмысын жоғалтпауы ең өзекті мәселе екенін алғашқы реформатор-ғалым да кейінгі заманауи ғалым да айтады. Ғалым жаһандану дәуіріндегі түрлі жаңартулардың жаңашылдығы ұлттық рухымыздың діңгегін шайқамайтынына сенімді. Оның пайымдауынша, жер бетіндегі барлық ұлтқа ортақ техника ғылымдарымен қатар, әр ұлттың болмысын танытатын ұлттық ғылымы – оның тілі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы, бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық ғылымы қатар дамып, бірге жүргізіліп отыруы керек дейді.

Академик ағамыздың екінші кітабы осы алғашқы кітаптың жалғасы болып табылады. Мұнда бүгінгі егеменді Қазақстандағы экономика ғылымының еліміздің өндірістің барлық саласындағы тұрақты даму жолдарының өзекті мәселелері сөз болады.

Кенжеғали Әбенұлы экономист-ғалым ретінде қазақ ғылымына кеңінен енген экономика терминінің адамзат қоғамының қалыптасу мен даму үрдісінде қатар жүретін егіз ұғым екенін жаңаша пайыммен түсіндіреді. Әрі бұл саладағы ой-танымын «өткені, бүгіні, келешегі үнемі жалғастықта дамып, өрбіп отыратыны табиғи құбылыс, яғни, ұрпақтар үндестігі» деп таниды. Ғалым ғасыр басындағы ұлт зиялыларының экономика саласындағы ой-тұжырымдарына «Ахмет Байтұрсынұлы және алашордашылардың экономикалық көзқарасы» атты тақырып аясында кеңінен тоқталып, адамзаттың даму тарихындағы жойқын өзгерістерге шолу жасайды. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы ғасыр басындағы ұлттық мәдениеттің шыңы ғана емес, қазақ халқының көсемі деп дәріптелуінің тылсым тарихына тоқталады. Ұлтымыздың ар-ожданы деп танылған Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының қалаған әлеуметтік-экономикалық платформаларының бүгінгі таңдағы тарихи және экономикалық мамандары тарапынан жеткілікті көңіл бөлініп, зерттелмей отырғанына өкініш білдіреді.

Шығармаларының үшінші, төртінші кітаптарында Қазақ елі өркениетті 50 елдің қатарына ену үшін зайырлы мемлекет ретінде оның бүгінгі келбеті қандай болуының шартты жолдары әрі экономикасы дамыған елдермен қалай иық тіресудің қажеттіктері туралы ой-танымдары мен пайымтұжырымдары айтылған. Академик ағамыздың бұл еңбегінде жазған келелі ұсыныстары мен кеңестері өз мәнін болашақта да жоғалтпайды.

К.Ә. Сағадиев – жоғары білім беру саласы мен ғылымның ірі ұйымдастырушысы. Үш іргелі жоғары оқу орнының ректорлық қызметін аткарды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті болып істеуі, К.Ә. Сагадиевтің ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыруы нағыз азаматтық талап пен қажырлы еңбек жолын көрсетсе керек.

Бұл – жас мемлекетіміздің шаңырақ көтеруінің алғашқы ең ауыр жылдары еді. Әрине бүкіл елде болып жатқан рухани саналық өзгерістерден Ғылым академиясы да шет қала алмайтындығы белгілі. Бұрынғы қоғамдық, мемлекеттік құрылымдар өзгеріске ұшырап жатты. Ғылыми құрылымдарды жаңа, еркін, әсіресе іргелі, нақты ғылымдар саласын саясаттан таза, тәуелсіз жаңа мазмұн, жаңа мақсат бағытында құру міндеті күн тәртібінде тұрды. Әрине, ол кезең Ғылым Академиясының президентіне де айрықша сын болғаны түсінікті. Ғылым Академиясының орнын, беделін күшейту, оның іргелі білімдік іргетасын сақтау, ғылымның сан салалы мамандарын шашыратып алмай, оларды ғылымның өрістеуіне ұйымдастырып, бағыттау, ғылымды қаржыландырудың жаңа жолдарын іздестіру сияқты толып жатқан мәселелер бір мезгілде Академия жаңа басшысының алдында тұрды.

К.Ә. Сағадиевтің Ұлттық Ғылым академиясының президенттігіне баламалық жабық дауыспен академия мүшелерінің қалың тобы ғылым көшінің сардары етіп сайлануы – оның талабы мен талантына сай болғандығының белгісі. Ол қарсыластарын әділ күресте жеңді. Кенжеғали Әбенұлы қай қызметте жүрсе де өзіне де, өзгеге де жоғары талап қояды, тапжылмай еңбек етеді. Еңбексүйгіштік ізденіс жолы, тыңнан жол салу, жұмыстың ғылыми негізделген арнасына ұмтылу оған тән қасиеттер.

Ол академиялық ғылыми құрылымдар мен кәсіби ғылымдарды жақсы тани білді және оған егеменді Қазақстанның ғылымындағы негізгі ұйымдастырушылық-басқарушылық мәселелері де белгілі болатын. Кенжеғали Әбенұлы Қазақстанның ғылыми-техникалық дербестігіне қол жеткізуді мақсат етіп қойды және Ұлттық Ғылым академиясының міндеттерін шешуде осы мақсатқа түбегейлі қол жеткізуге бағыттады.

Академик К.Ә. Сағадиев академияның даму стратегиясының негізі етіп, ғылым мен техниканы мүмкіндігінше қарай ел егемендігін күшейту жолдарына бағыттауға және осы мақсатқа жетуге ден қойды. Сонымен қатар ғалым елдің экономикасын тұрақты түрде дамытудың басты саласы – жаңа білім беру мен технологиялық прогресс екенін алға тартты.

Сонымен, ол мемлекетіміздің тұрақты экономикалық дамуының басты негізі жаңа білім мен техникалық прогресс болуы тиіс деген идеяны дәйекті түрде ұстанды.

Айта кету керек, К.Сағадиев Академияға президент болған жылдары үнемі Елбасының қолдауын сезініп, қызмет жасады.

Аз уақыттың ішінде академик Сағадиевтің ұсынысымен «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының мәртебесі және ғалымдарды қолдау туралы» ел Президентінің Жарлығы жарияланды. Бұл құжат ол кезде академия өмірінде маңызды қызмет атқарды.

Академия президенті К.Сағадиев өз қызметінде ғылымның еліміздің экономикалық қуатын дамытуға, материалдық-техникалық базасын абаттандыруға, мәдениетінің өркендеуіне ықпалын күшейтуге мейлінше мүдделі болды. Сол жылдары экономикалық қиындықтарға қарамастан, маңызды деген салаларда төрт жаңа ғылыми-зерттеу институттары ашылды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылдың 9 ақпанындағы «ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы» Жарлығына және ғылымды реформалау жөніндегі басқа да құжаттарға сәйкес академия құрылымдары мен академия мүшелерінің қызметін реттейтін жаңа нормативтік материалдар дайындалып қабылданды, іргелі және іргелі қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары белгіленді. Ғылыми құрылымдардың қызметі, мамандар әлеуеті және материалдық-техникалық база тексеріліп, аттестацияланды. Іргелі зерттеулердің технологиялық бағдары және ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми зерттемелерін іс жүзінде қолдану бағыттары күшейтілді.

Сол жылдары белгілі қиындықтарға қарамастан ҰҒА құрамында ғылымды дамытудың үздік бағыттары бойынша жаңа төрт ғылыми-зерттеу институттары ұйымдастырылды. Олардың бірі Фитотехника институты бүгінгі күні шет елдерде сұранысқа ие нәтижелі дәрілік препараттар жасап, халықаралық деңгейге шығып отыр.

1994-1996 жж. ҚР ҰҒА және оның Президиумы жалпы республикалық шараларды ұйымдастыру орталығына айналды.

Кенжеғали Әбенұлы 1990 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы президиумының бас ғылыми хатшысы қызметін атқарып жүргенде де республика ғылымының даму саясатының тұжырымдамасын жасауға бар күш-жігерін жұмсады. Оның басшылығымен Ұлттық Ғылым академиясының жұмысшы тобы «Қазақстандағы ғылым және ғылыми саясат туралы» Заңның жобасын дайындады. Ғылым академиясының Оңтүстік, Батыс және Шығыс бөлімшелерін ұйымдастырушылардың бірі К.Сағадиев болды.

К.Ә. Сағадиев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі-нің депутаты ретінде еліміздің бюджет жүйесін өркендету және оның тұрақтылығын дамыту мақсатында көп еңбек етті. Оның ұсынысы бойынша экономика салаларының бюджет жобалары бөлек қаралатын болды. Бұл жол бюджет бағдарламалары бойынша әкімдерге бөлінетін қаржы бюджет ресурстарын жіті де дәл зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан осы тәжірибе 4-ші шақырылған Парламент Мәжілісінің жұмыс әдісіне де енді.

Академик ағамыздың шындықты бетке айта білер парасатқа иек артқан жүректілігі, батырлығы да бар екенін мақтанышпен айтамыз. Оған дәлел ретінде мына бір жайтты келтірсек түсінікті болады.

1996 жылдың ақпан айында Президент жанындағы Мемлекеттік Кеңестің кезекті бір отырысында жүргізіле бастаған реформалардың жайы сөз болған жиында өзінің ойлы сөзін тайсалмастан айта білді. «Президент мырза, сіз жаңа азаматтық қоғам құру жөнінде өте жақсы айттыңыз, оны біз қолдаймыз. Бірақ та не істесек те, қандай реформалар жүргізсек те, халықтың пікірімен санасуымыз керек қой. Ал, осында отырған мына кейбір үкімет мүшелері де, Премьер-министр мына Қажегелдиннің өзі де халықтың жанайқайын құлағына да ілмейді, оны қойып, айтылып жатқан ұсыныстарымызбен есептеспейді» дегені Кенжеғали Әбенұлының орынды жерде ақиқатты арқасына жасырмай айта білер асыл қасиетін көрсетпей ме?

К.Ә. Сағадиев Алматы халық шаруашылығы институтын (қазіргі Т.Рысқұлов атындағы нархоз университеті) ұйымдастырушылардың бірі болып, тек осы білім ордасында 20 жылдан астам ұстаздық қызмет етіп, ұстаз бола жүріп, экономикалық ғылымға терең бойлап, танымал ғалым дәрежесіне де тер төккен еңбекпен жете алды.

Кенжеғали Әбенұлы Қазақ осы университетінің ректоры болған жылдарда да еліміз экономикасын ойдағыдай дамытатын замандарға лайық экономист мамандарын дайындау тұжырымдамасын түпкілікті озгерте отырып, нарыққа керек мамандар әзірлеуде, оларды бүкіләлемдік деңгейге көтеруге ұмтылды. Осы мақсатпен ол университеттің көптеген маман-окытушыларын шет елдерге білімін жетілдіруге жіберді, ал қалғандарына нарықтық экономикаға қанық шетелдік мамандарды шакыртып, олардан үйренуге мол мүмкіндік туғызды.

Академияда оқу процесін басқару толық жаңартылды, бұрынғы факультеттердің орнына ректордың бастамасымен оқу-ғылыми кешендері ұйымдастырылды. Олар маркетинг, менеджмент, халық-аралық экономикалық қатынастар, қаржы, бухгалтерлік есеп және экономикалық кибернетика деп әлемдік өркениетке сәйкес аталды.

Осы кешендердің құрамында маркетинг, менеджмент, макро және микроэкономика, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері, агробизнес, халықаралық экономикалық қатынастар және басқа да жаңа кафедралар ашылды. Мамандықтардын бағыты өзгеріп, оған сай жаңа оқу жоспарлары және нарықтық оқытудың тың бағдарламалары дайындалды.

Сонымен, аталмыш оқу орны Қазақстандағы экономикалық оқу орындарынын кара шаңырағы және таңдаушыларға жан-жақты білім беретін бірден-бір университет болып отыр. Оның нарық заманының талабына орай жаңа бағытпен дамуына академик К.Сағадиевтің қосқан үлесі ерекше.

Кенжеғали Әбенұлы бұл универститте экономикалық кадрлар даярлауға республика өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай түбегейлі бетбұрыс жасады. Университетті басқарудың жаңа үлгісін ұсынып, ол Қазақ мемлекеттік басқару академиясына айналды. Бұрынғы факультеттер оқу-ғылыми кешені болып өзгертілді, жаңа кафедралар ашылды. Оқу жоспары өзгертілді, оқытушылар құрамы қайта даярлаудан өтті. Ғылыми жұмыстар зерттеу институттары мен орталықтарын ашу арқылы едәуір күшейтілді. Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерден мамандар шақырылды, қажет оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер жазылуына жағдай жасалды. Осындай өзгерістердің нәтижесінде оның қызметі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды. Онымен қатар университеттің ректорының да абыройы асқақатады. Оның реформаторлық қабылеті мен табысты ғылыми ізденістерін көпшілік мойындады.

К.Сағадиевтің тағы да ректор болып, артынан іргелі із қалдырғаны – ол 1996 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институты мен Алматы мая дәрігерлік инстиутының негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті.

Бұлар бірінен соң бірі 1929 және 1930 жылдары ашылған, бай тарихы бар, дәстүрлі қалыптасқан жоғары оқу орындары болатын.

Кенжеғали Әбенұлы бұл университеттің де жұмысын түбірімен қайта құрды. Қысқа мерзім ішінде бұрынғы факультеттердің негізінде ірі оқу-ғылыми өндіріс кешендері ұйымдастырылып, сапалы мамандарды даярлау жолға қойылды. Олардың әлемдік ақпарат кеңістігіне шығуын қамтамасыз ету мақсатында республикада алғаш рет компьютерлік және тіл үйрету орталықтары, сондай-ақ гуманитарлық білім беру орталығы құрылды. Мамандықтар тізімі қайта қаралып, жаңартылды. Ең әуелі мамандармен кеңесіп, оқу орнында ашылатын жаңа мамандықтардың саны мен сапасын анықтады. Бұрынғы екі институт бойынша 36 мамандықтан кадрлар дайындаса, қазір оның саны екі есеге жуық қысқартылып, 21 мамандық қалдырылды. Өзінің жері, суы, малы, қаражаты бар бар шаруашылық иелерінің жаңа легін дайындау мақсатымен фермерлер мектебі өмірге келді.

Жаңа ректор қызметінің алғашқы күнінен бастап, оқытушылардың біліктілігіне, студенттердің сапалы білім алуына қатаң талап қойылды. Мамандарды оқыту мен даярлауды тексерудің рейтинг-тестік жүйесін енгізіп, шет тілдерді үйретуді, компьютерлік сауаттылықты күшейтуді, оқытушылардың жаңа аграрлық-экономикалық саясат бойынша білімін жетілдіруді ұйымдастырды.

Жаңа оқу орны әлемнің белді жоғары оқу орындарымен, шетелдік қорлармен, басқа интеллектуалдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасай бастады.

Осындай жаңғыртудың нәтижесінде университет оқыту мен ғылыми зерттеулер және басқа да негізгі бағыттары бойынша түпкілікті өзгерістерге ұшырады. К.Ә. Сағадиев осы екі жоғары мектептің оқу үрдісін жаңа арнаға салып, оның профессорлары мен оқытушылары қауымын тұтас салиқалы құрылымға айналдыра білді.

Осындай өзгерістердің нәтижесінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің абыройы аспандап, 2001 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындары қатарында ұлттық мәртебеге ие болды.

Шынын керек, кейде ауыл адамы да күрделі өмір сүруде. Сол ауылға ертең ие болатын қазақ жастарына ауыл шаруашылығы менеджмунтын игеруге жан-жақты жағдай жасай отырып, маман кадрларды ауылдық экономиканы кетеруге бағыттауы академик К.Сағадиевтің ұрпақ тәрбиесі, өмір мұраты деп түсінген дүниетаны ерекшелігі, ұлы ғалымның, парасатты тұлғаның кең ойлап, кең толғандығының дәлелі болады.

КӘ. Сағадиевтің ғылыми еңбектері республикада ғана емес, көптеген шет елдердің экономика саласының мамандарына танымал болды. Оның экономикалық проблемаларға арналған сөздері, қазақ, орыс тілдеріндегі еңбектері ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылып, халықаралық экономика ғалымдарының бедделі пікіріне ие бола алды. Академик Сағадиев Пәкістан Ұлттық Академиясының, АҚШ-тың Нью-Йорк Академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшесі болып сайлануы – ғылым ғылымының мәртебесі.

Кернеулі экономикалық саласынан басқа гуманитарлық ғылымдардан, яғни тарих, әдебиет, өнер, тіл білімінен хабарының молдығы, оның шет елдерде, Қазақстанда өткен әртүрлі симпозиумдарда, конференцияларда, ұлы адамдарға арналған айтулы сессияларда сөйлеген сөздері мен баяндамаларынан анық байқалып келеді.

Кенжеғали Әбенұлы қызметте өзін де, өзгені де босаңсытпайды, қатаң талап қояды. Адамдарды өз қабілетіне байланысты пайдаланады. Жүздеген, тіпті мыңдаған адамдарды бір мақсатты орындауға жұмылдыру оның үйренішті қасиеті.

Ғылымды дамытып, білім беру ісін жетілдіру, байланыстарды баянды ету мақсатында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Оңтүстік Корея, Пәкістан, Иран, Израиль, Қытай және басқа көптеген елдерге барып, игілікті жұмыстарға ұйытқы болуы да бөле-жара айтуға тұрады.

Академик КӘ. Сағадиевтің еліне, халқына сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол әркез орынды бағаланып келеді. Оның үстіне орден де, медаль да тақты. Оның жетекшілігімен 15 докторлық, 40 астам кандидаттық диссертация дайындалып қорғалды. 240-тан астам ғылыми еңбектері, көптеген монографиялары бар, оның ішінде 30-аса монографияның авторы.

Халқымыздың абзал азаматы, парасатты ұлы, талантты ғалым, көпұлтты Қазақстан халқының үлкен ұлтжанды патриоты Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы біз әрдайым мақтанышпен айтамыз. Ол 1992 жылы Англиядағы Кембридж университетінің Халықаралық библиографиялық орталығының ұсынуымен «Ең үздік» атағына да ие болды.

Академик ағамыз Кенжеғали Әбенұлының өмір жолы мен мемлекетке, халыққа еңбегі кімге, қай ұрпаққа болса да үлгі боларлық өнеге. Басқа сөзбен айтқанда, оның өмірі өнеге, өнегесі өмір.

Қазақстан ғылымы мен жоғары мектептерінің тарихында бірінен кейін жалғастыра республиканың үш ірі жоғары оқу орнын және Ұлттық Ғылым академиясын басқарған адам жоқ. Ал бұл құбылыс К.Ә. Сағадиевтің өте жоғары қабілетін, парасаттылығын танытады.

Өзінің мерейтойын академик ағамыз шабыты кемелденген шағында және балалары мен немерелерінің, туыстарының, достары мен шәкірттерінің ортасында қарсы алып отыр. Оның өмірінің басты мақсаты мен мағынасы – келешектің жасампаз ұрпағын тәрбиелеу, туған халқына шынайы қызмет ету.

Академик КӘ. Сағадиев – өз ұлтының мүддесін бәрінен де жоғары қойып, саналы ғұмырын халқына қалтқысыз қызмет етуге арнай білді. Кенжеғали Әбенұлы сол Алаш арыстары күресіп, арман етіп кеткен тәуелсіздікті мен нарды, сол тәуелсіздікті орнықтыру мен нығайтудың бел ортасында жүрді, әлі де болса тәуелсіз ел мүддесі жолында салиқалы ой айтып, елдің ағасы мен абызы болып, өз халқымен бірге жасап келеді. Сондай нар ғалым, нар тұлға, нар азамат Кенжеғали Әбенұлының келешек өмір белестерінде жүзі жарқын, жолы сара болсын дейміз.

Раушанбек Әбсаттаров
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор.

Әміржан Шалтыков
саяси ғылымдарының докторы, профессор.